

БӨЛІМ: КОЛЛЕДЖ

Жас ерекшелік психологиясы

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.01.2018СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/32158/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Избаева Назгүл Жиенбаевна

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Жаңа тақырыпты түсіндіру арқылы, білім алушыларға жас ерекшелік психологиясы туралы және олардың психологиялық ерекшелігі туралы жалпы ақпарат беру. **Дамытушылық:** жас ерекшелік психологиясы туралы даму кезеңдері туралы жан-жақты талдау арқылы ой-өрісін дамыту. **Тәрбиелік:** жаңа сабақты түсіндіру арқылы студенттерді өзін-өзі басқара алуға тәрбиелеу. **Сабақтың түрі:** жаңа білімді хабарлау. **Сабақтың көрнекілігі:** тірек-кестелер, слайдтар, көркем әдебиеттерден мысалдар. **Сабақтың әдіс-тәсілдері:** миға шабуыл, сұрақ-жауап, баяндау, тапсырмалар. **Пән аралық байланыс:** педагогика, физиология, биология, **Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі. II. Үй тапсырмасын сұрау. III. Жаңа сабақ жоспары IV. Қорытынды V. Бағалау VI. Үй тапсырмасын беру. I. Ұйымдастыру кезеңі. 1) Білім алушылармен сәлемдесу 2) Білім алушыларды тізім бойынша түгелдеу 3) Сабақты бастамай тұрып «Сәлемдесу» жаттығуы өткізіледі. II. Үй тапсырмасын сұрау. 1. Баладағы еріктің дамуы? 2. Еріктің егігі функциялары? III. Жаңа сабақ жоспары: Жоспар:

1. Жас ерекшелік психологиясының пәні мен міндеттер.
- 2.

Психикалық даму кезеңдері **Жас ерекшелік психологиясының пәні:** адам психикасының жас ерекшелік динамикасы, тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің онтогенезі, психикалық процестердің даму заңдылықтары. анықтау.

Жас ерекшелік психологиясының зерттеу объектісі: сәби, жеткіншек, жасөспірім, ересек, қария т.б.

Бала дамуының әлеуметтік жағдайы – психикалық даму механизмдерінің негізгі түсінігі. Әр даму кезеңі, баланың ересектермен қарым қатынасының сипатына қатысты,

өзінің әлеуметтік жағдайымен ерекшеленеді.

Жетекші әрекет — белгілі даму сатысында балада жаңа психологиялық қырлардың қалыптасуын анықтайтын әрекеті.

Даму дағдарысы – қалыпты психикалық дамудағы өтпелі кезең. Ол екі жас кезеңінің түйісінде көрінеді. Ол адамның дамып келе жатқан физикалық және психикалық мүмкіндіктері мен үйреншікті әрекеттері арасындағы қарсылықтан туындайды. Бұл қарсылық дамудың қозғаушы күші болады.

Балалар психологиясы ХІХ ғ. неміс ғалымы *Вельгельм Прейердің* “Бала жаны” атты еңбегінен басталады. Ол бала психикасын зерттеуді интроспективтіден объективтіге алмастырды.

XVII ғ. философ Джон Локк идеясынан басталады. “Нәресте таза тақтадай өмірге келеді, тәрбиелеушісі оған мазмұн жазады”. Тұжырымдама негізін қалаған — Дж.Уотсон.

Ассоцианистік үйрету теория (Дж.Уотсон, Э.Газри)-стимул мен реакцияның, шартты және шартсыз рефлексстердің бірлігі.

Бихевиоризм (Э.Торндайк, Б.Скиннер)- субъектіні іс-әрекетінде тану

Дамудың әлеуметтік генетикалық тұжырымдамасы бойынша психика дамуының негізгі факторы – **орта**, мұнда баланың белсенділігі ескерілмеді

В.Штерн теориясы бойынша эмпиризм (“адам –таза тақта”) мен нативизм (“туа пайда болған идеялар болады”) бірлесе өмір сүреді.

Г.Айзенк: “Интеллектің 80% туа пайда болған, ал 20% ортаның әсерімен анықталады”.

З.Фрейдтің бейсаналық және сексуалды бастаманы зерттеуі психоанализ тұжырымдамасының негізі.

З.Фрейд бойынша психикалық даму эрогенді аймақтардан сексуалды энергияның алмасу деңгейіне байланысты:

1. Оральды деңгей (0-1 жас);
2. Анальды деңгей (1-3 жас);
3. Фаллистік деңгей (3-5 жас);
4. Латентті кезең (5-12 жас);
5. Генитальды деңгей (12-18 жас).

Тұлғаның онтогенездегі даму теориялары аясында жас ерекшелік психологиясының дамуы: рекапитуляция теория→ бала дамуының үш сатысы теориясы→ дамудың екі факторының конвергенциясы теориясы→психоаналитикалық концепция→ когнитивті теория. Қалптастырушы эксперимент (Л.С.Выготский) негізінде жас ерекшелік психологиясы ғылым ретінде қалыптасты.

Ч.Дарвин (даму, генезис белгілі заңдылыққа сүйенеді)

1. Э.Геккель, И.Мюлер (биогенетикалық заңды құрастырды: құрсақтағы даму кезеңінде адам жануар филогенездегі кезеңін қайталайды)

2. С.Холл(осызаңды құрсақтан кейінгі кезеңге қолданды)
3. И.П.Павлов (шартты рефлекс)
4. В.Келлер (адам дамуы инстинктер дрессураларғы байланысты)
5. К.Бюллер (дамудың үш сатасы болады).
6. Жас ерекшелік психологиясының дамуына эволюциялық теорияның қосқан үлесі: В.Прейер→Ч.Дарвин→И.М.Сеченев→К.Д.Ушинский
7. Эксперименталды психологияның жас ерекшелік психологиясының дамуына үлесі:
В.Прейер →В.Штерн→ Ж.Пиаже→ Н.А.Рыбников
8. Сәбилік кезеңде балада мазұны мен тілі жағынан түсінікті өлеңдерді, тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез ұғып есінде сақтайды. Баламен сөйлескеннен бастап, қоршағае ортамен құбылыстарды қабылдай бастайды. Заттардың арасындағы қарапайым байланыстарды байқап, сол байланыстарды өзінің іс — әрекетінде қолданатын болады. Баланың дамуы сәбилік кезеңде үлкендермен қарым – қатынаста анық байқалады. Баланың сөздік қоры осы кезде жақсы дамиды. Бір жарым жасында балада 30-40 – тан 100 – ге дейін сөздік қолданады. Біржарым жасында балада белсенділігі артып «Мынау не?» деген сұрақтар артады. Екі жасының соңында 300 сөз, 3 жасының соңында 500 – 1000 дейін сөздік қоры болады.
Баланың түсінігін дамытып қана қоймай, сонымен бірге оны сөйлеуге де міндетті түрде үйрету керек. Мысалы, екі жарым жасар кезінде бала әлденені сұрай қалса, оны «Бер» деп айтуға үйреткен, ал егер әлде бір нәрсені (мысалы, мысықты) үнсіз қолмен көрсетсе, «Мысық кис – кис, «Кис – кис» деп айтшы деген дұрыс.
9. Мектепке дейінгі жастағы балалардың зейінінің дамуы тікелей қабылдаудың дамуына байланысты болады. Бұл кезде зейіннің көрінуі тек әдемі заттармен, адамдармен байланыс жасаған кезде ғана көрінеді. Мектепке дейінгі жастағы бала өз зейінін тұрақтандырыла алады. Себебі бұл кезде зейін тұрақсыздан тұрақтыға айнала бастайды. Тұрақты зейіннің дамуына сырттай мәселелерді шешу көмектеседі. Кіші мектепке дейінгі жастағы балалар өзінің зейінін көрнекті суреттерге 6 – 8 секундқа дейін ғана тұрақты ұстай алады. Ал жоғары мектепке дейінгі жастағы балалар бұл кезде өздерінің зейіндерін дәл осы суретке 12 – 20 секундқа дейін тұрақтандыра алады. Ал жүйке жүйе ауруларына шалдыққан балалар өздерінің зейіндерін басқа балаларға қарағанда аз мөлшерде тұрақты ұстай алады. Мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс — әрекеті ойын болып табылғандықтан олардың зейіндері ылғи да ойынға, ойын барысына шоғырланып тұрады. Сол себепті де 5 жасқа келген балалардың зейіндерін біртіндеп ойыннан оқуға ауыстыру

керек.

3. Бастауыш мектеп жасында — балада алдыңғыпупертаптық с.с алдында болған жыныстық пісіп жетіледі. Осы уақытта төртінші саты (латенттық) жазылады, еңбекқор балаларды тәрбиелеумен байланысты, тез арада жаңа біліммен естиярлықты меңгереді. Мектеп оған арналған «өзіне мәдениет» болып қалады, өзіндік ерекше мақсатпен, жетістік және көңілі қалушылық. Еңбек және социолдық тәжірибені түсіну балаға айналасындағыларды және сезім компонентін иеленуге және тани алуға мүмкіндік береді. Егерде жетістік зор емес болса, ол өзінің тәжірибесіздігіне қатты алаңдайды, қабілетсіздік құрдастарының арасында қолайсыз жағдай және өзін шамалы мәжбүрлікте болатындай сезінеді. Компонентік сезіммен бірге толық сапалы емес сезім ұштасады.

Бастауыш мектепті оқыту кезінде – бұл сондай-ақ бастауыш кәсіпші-лік идентификация танымал мамандық уәкілдерімен байланыста өзіне сезіледі.

Балалар мектепке түседі және де олар оқу іс-әрекетіне 7 жастан емес ,6 жастан қосылады.Осыған байланысты көптеген сұрақтар туындайды және де оларға әдейі талқылау қажет етіледі.

4. Көптеген жеткіншек мінезі акцентуирленген болады- норманың шекті варианты.

Гипертимділік . Күй-жағдайы көтеріңкі оптимистер, бір нәрседен екіншісінетез ауысып кететін ,бастаған ісін аяғына дейін жеткізбейтін ,тәрбиесіз жаман компанияның ықпалына тез түсетін адамдар жатады. Жеткіншектер романтикаға және оқиғаларға ұшырағыш болып келеді. Тірелгіштік тірелу аффектісіне бейім болады. Кекшіл реніші көпке созылатын, ренжігіш, өкпешіл адамдар жатады .Бір райынан қайтпайтын, өте ұмтылған, қадалған жерден қан алатын болып келеді. Эмоциялы . Лабильді аффектілі. Басқаға байқалмайтын нәрсеге бола ,көңіл күйі тез түсіп ауысатын адамдар жатады .Көңіл күйіне –жұмысқа деген ынтасы жағдайы т.б өзгеруіне байланысты эмоциялық сферасы нәзік ұиымдасқан ,терең уайымшыл және сезімтал болады. Педантивтік . Регидті олар бір күйден ,екінші күйге ауысуы өте қиын өзіне сенбейтін адамдар .Әр нәрсенің өз орынында болғанын, адамдар өз ойларын нық орындауларын қалайды.Ызалы- қайғыру күйде ,бір нәрсеге ашуланшақ болатын периодтар болады. Алаңдаушылық. Меланхолик және конституционды алаңдаушылығы өте жоғары, өзіне сенімсіз адамдар. Өзін бағаламайтын, өз мүмкіншілігін төмендетеді, жауапкершіліктен қорқады,

ұялшақ болып келеді. Циклотимділік. Көңіл- күйінің тез түсуі, жақсы көңіл-күйі өте қысқа , жаман көңіл күйі ұзаққа созылады.

5. Әдетте адам өмірнің кезеңін кәрілік деп атайды. Көптеген ғалымдар 60 жастан жоғары кезеңді геронтогенез деп атайды. Бұл жастағылар зерттеумен геронтология ғылымы айналысады.

Осы жастағы адамдар үш топқа бөлнеді:

1. Кемел жастағы адамдар.
2. Қартайған адамдар.
3. Ұзақ өмір сүруші адамдар.

Жаңа сабақты қорыту

Презентация арқылы жүзеге асырылады

V.Бағалау.Белсенді қатысқан оқушыларды мадақтау арқылы бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Ұ. И. Ауталипова, Х. Т. Шерьязданова, Д. Е. Абдраманова; «Жас ерекшелік психологиясы» Алматы-2010ж

VI. Үй тапсырмасын беру:

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgier.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.